

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨНІРІНДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІҢ ТАРАЛУЫНА РАДИАЦИЯ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Нурсафина Акмарал Жексенбаевна¹,
Тұрдалы Аяжан Манарбекқызы²

ayazhan.turdaly@mail.ru

PhD, ст. преподаватель, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
Студент 4 курс, Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Ж.Нурсафина

Аңдатпа

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін дәрілік өсімдіктерді, атап айтқанда радиация аумағында кездесетін дәрілік өсімдіктерді жинап, түрлерді анықтау жұмыстары туралы жүргізілген жұмыс баяндалады. Біз 25 тұқымдасқа біріктірілген 50 түрді анықтадық, олардың 17-сі көп мөлшерде кездесе, 13 түр аз немесе өте аз, ал қалған 20 түрі орташа шамада кездесетіндігі анықталды. Таралу ареалы шектелген жалбызтікен (алтей), сары тұңғиық (кубышка желтая), қырлышөп (купена), аңдыз (девясил), авран (авран), жұпаргүл (адонис) сияқты дәрілік өсімдік түрлері қорғауды қажет етеді. Бұл түрлерді табиғатта сақтап қалу жұмыстарын жүргізе отырып, жинауға да тыйым салыну қажет. Дәрілік өсімдіктерді топтастыру кезінде түр жағынан бай тұқымдастарға мыналар жатады: күрделігүлділер (Compositae), раушангүлділер (Rosaceae), сарғалдақтар (Ranunculaceae), ерінгүлділер (Lamiaceae) – құрады.

Кілттік сөздер: радиация, дәрілік өсімдіктер.

Біздің еліміз өсімдіктерге өте бай және алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Соның шамамен 500-мыңға жуық түрін дәрілік өсімдіктер құрайды [1].

Дәрілік өсімдіктер – медициналық өнеркәсіпте, түрлі ауруларды емдеуде кеңінен қолданылады [2].

Қазіргі кезде радиациялық аймақтарда өсімдіктердің бірнеше түрлері таралған. Дәрілік өсімдіктерді зерттеу жұмыстары бойынша жүргізілген мәліметтер бар. Алайда, радиациялық аймақтарда таралған дәрілік өсімдіктерді флоралық зерттеу жұмыстары өте аз және геоботаникалық тұрғыдағы жұмыстар ғана белгілі. Радиация өңіріндегі дәрілік өсімдіктер туралы, әсіресе еліміздің Шығыс аймақтары, Алтай өңірлерінде таралған өсімдіктер бойынша мағлұматтар жоқтың қасы [3].

Радиация өңіріндегі емдік өсімдіктердің көптеген түрлерінің құрып кету қаупі бар. Осыған байланысты 2017-2018 жылы Шығыс Қазақстанның радиациялық аймақтарының емдік өсімдіктерін зерттедік, қазір өсімдіктерді тиімді пайдалануды және қорғауды, түрлерін түгел білуді, құрамын, биологиялық ерекшелігін білуді қажет етеді. Соңғы жылдары су жүйелерінің экологиялық өзгерістердің әсерінен ластануына байланысты, емдік өсімдіктердің түрлеріне әсерін, халық шаруашылығында пайдалану жолдары қаралады [4].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Зерттеу жұмыстары барысында өсімдіктерді жинау жауын-шашынсыз, күн ашық күндері жүргізілді. Зерттеуге өсімдіктерді бүкіл жерасты бөлімдерімен қазылып алынды. Ботаникалық зерттеу әдістерін қолдана отырып, олардың түрлерін анықтап, гербарийлер жасалынды.

Зерттеу жұмыстарын белгілі бір бағытта жүргіздік. Зерттеу барысында үлкен көлемдегі аймақтарды қамтылды. Осыны негізге ала отырып, Радиация өңірінің шалғынды, далалы, шалғынды-далалы, қарағайлы-орманды, таемдік, таемдік-қыратты өсімдік

бірлестіктерінде емдік өсімдіктерді жинап өсімдік бірлестіктеріндегі орнын, морфологиялық құрылымын анықтадық.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Радиациялық аймақтардағы 300-ге тақау тұқымды өсімдіктердің 90-ге жуығы емдік өсімдік топтарын құрайды. Осының ішінде 50 емдік өсімдік жиналып, 25 тұқымдасқа біріктіріліп, олар жан-жақты зерттелді.

Радиация өңіріндегі емдік өсімдіктер фармакологиялық қасиеттеріне байланысты 24 топқа бөлінеді, оларды әртүрлі ауруларға қарсы пайдалануға болады. Мысалы: көп кездесетіні жүрек, іш-құрылыс сырқаттарына, залалсыздандыруға пайдаланылатын өсімдіктер.

Шалғынды өсімдік бірлестіктерін радиация өңірінде Зайсан көлінің жағалауларына жақын орналасқан жерлерде және орманда кездестірдік. Бұл бірлестік ылғалы мол жерлерде кездесетін мезофитті өсімдік түрлерінен тұрады. Ылғалды жазық алқаптарда шалғында өсімдік бірлестіктері 0,5-2 гектар шамасындағы аймақтарды қамтиды. Осындай шалғында жерлерде ерінгүлділер (*Labiaceae*), қазтамақ (*Geraniaceae*), бұршақ (*Leguminosae*), сарғалдақтылар (*Ranunculaceae*), шатыршагүлділер (*Umbelliferae*), лалагүлділер (*Liliaceae*), сүйсіндер тұқымдасы (*Orchidaceae*), шаршыгүлділер (*Brassicaceae*), раушангүлділер (*Rosales*), айр тұқымдасы (*Asogaceae*), алқа тұқымдасы (*Solanaceae*), бақажапырақ тұқымдасы (*Plantaginaceae*) және тағы басқа тұқымдасарға жататын емдік өсімдік түрлері көп кездеседі.

Радиация өңірінің оңтүстігінде және оңтүстік – батысында таемдік және қыратты жерлер орналасқан. Мұндай ылғалы аз жерлерде, осындай ортаға бейімделе өскен ксерофитті өсімдіктердің бірлестіктерін кездестірдік. Солардың ішінде қарағайлы – тобылғы өсімдіктер бірлестіктерінде емдік өсімдік тобына жататын жасыл сасықшөпті (пустырник сизый – *Leonurus glaucescens*), валерианды (валериана – *valeriana*) кездестірдік. Жазық далалы аймақтарда, яғни далалы өсімдік бірлестіктерінде жалаң мия (солодка голая – *glucurhiza glabra*), құртқашаш (қасатик – *iris*), кәдімгі жұмыршақ (пастушья сумка обыкновенная - *capsella bursa pasforis*), қосұялы қалақай (крапива двудомная - *Urtica dioica*), шілтер жапырақты шайқурай (зверобой продырявленный - *Hypericum pertoratum*), қара мендуана (белена черная - *Hyoscyamus niger* L) тағы басқадай емдік өсімдіктер кездеседі.

Жазықтар мен далалы аймақтарда мынадай өсімдіктерді кездестірдік: жалаң мия (солодка голая - *glucurhiza glabra*), құртқашаш (қасатик - *iris*), кәдімгі жұмыршақ (пастушья сумка обыкновенная - *capsella bursa pasforis*), жылқы қымыздық немесе ат құлақ (щавель конский - *rumex confertus*), қызылтаспа (горец птичий - *polygonium aviculare*), үлкен сүйелшөп (чистотел большой - *chelidonium majus*), сыңғақ итшомырт (крушина ломкая - *rhamnus frangula*) және басқада дәрілік өсімдіктер кездеседі.

Таулы қыратты аймақтарда көп мөлшерде қылшаны (хвойник - *ephedra*) кездестіруге болады. Бұл өсімдіктен медицина саласында кеңінен қолданылатын «эфедрин» деп аталатын препарат алынады. Сонымен бірге телпек сүйсін (ятрышник шлемовидный - *orchis militaris*), фукс сүйсіні (ятрышник фукса - *orchis fuchsii*) кездеседі.

Радиация өңірінің батысында, оңтүстігінде орналасқан жазық далалы аймақтарда, медицина саласында танымал емдік өсімдіктердің сасықшөп (пустырник - *Leonurus*), қазжуа (гусиный лук – *gagea*), жусан (полынь – *artemisia*), мия (солодка – *glucurhiza*), тюринген жалбызтікені (юрингенская Алтей - *zavtera thuringioca*), дәрілік жалбызтікен (алтей лекарственный - *althaea officinalis*), кәдімгі сиякөк (льнянка обыкновенная - *linaria vulgaris*), Шығыс текесақалы (додарция восточная - *dodartia orientalis*) сияқты түрлерін әртүрлі бірлестіктерде кездестірдік. Далалы аймақтарда жусанды – бидайықты, қарағанды – жусанды, шилі – жусанды, тағы басқа өсімдік бірлестіктері кеңінен таралған.


Сүректі дәрілік өсімдіктер ішінде радиация өңірінде кең немесе орташа тараған қарағай, арша, итмұрын, мойыл, тал сияқты түрлерді ерекше атау қажет. Олардың ішінде

мойылдың ерте көктемде әсем гүлдеріне және хош иісті болуына байланысты ерекше көзге түсетіндігімен, қала халқы гүл бұтақтарын жұлып, табиғи таралуын шектейді.

Радиация өңіріндегі әртүрлі дәрілік өсімдіктер түрлі тіршілік формаларды құрайды. Біз анықтаған 50 дәрілік өсімдіктердің 43-і (89,6 %) біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдіктер болып келеді, ал 7-еуі (10,4 %) сүректі өсімдіктер. Шөптесін өсімдік ішінде, біржылдық шөптесін өсімдіктерге кәдімгі жұмыршақ (пастушья сумка обыкновенная), сарысоюу (дурнишник), алқа (паслён) сияқты түрлер жатады.

Емдік өсімдіктерді жинау өсімдіктердің гүлдену мерзімінде жүргізіледі. Сондықтан да емдік өсімдіктерді зерттеуде оның гүлдену уақытына көңіл бөлдік. Емдік өсімдіктерді жинау жаз айларында жүзеге асырылу керек, өйткені негізгі маусым-шілде айларында гүлдейді (1-3 сурет).

Біз анықтаған 50 дәрілік өсімдік түрінің 6 түрі ерте көктемде, ал қалған түрлері жаз және күз айларында гүлдейді. Және осы дәрілік өсімдіктердің көпшілігі шөпті өсімдіктер мен мезофитті өсімдіктер.



1-сурет. Орманды – шалғын бірлестіктері



2-сурет. Радиациялық өңірдегі су қоймалары



3-сурет. Далалы – қыратты өсімдік бірлестіктері

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтенов М.С. Флора Казахстана т.2 — Алматы, 2001г .37-41-61б.
2. С.Қ. Қалиева. Алтай ботаникалық бағындағы қара қарақатты интродукциялау кезінде атқарылған жұмыстар және олардың нәтижелері: ғылыми журнал- Шығыстың аймақтық хабаршысы. №4(75) желтоқсан 2017 ж. 41-49б.
3. А.Б. Мырзағалиева, А.Б.Болгибаева, А.А.Карыкбаева. Ресурсный статус лекарственных растений флоры Восточного Казахстана: научный журнал-региональный вестник Востока. №2(70) июнь 2016г. Стр 118.
4. Миркин Б.М., Наумова Л.Г., Мулдашев А.А. Высшие растения. — Москва: Логос, 2001г.55-61б.